



№49 (10242)  
30 маусым  
сейсенбі  
2026 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

# Жалағаш жаршшысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

## ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ: ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАМ

Биыл наурызда өткен жалпыұлттық референдум қорытындысы бойынша жаңа Конституция қабылданды. Енді Қазақстанның басты құжаты 1-шілдеден бастап күшіне енеді. Жаңа Ата Заңымыз мемлекеттілікті нығайтуға, «Заң мен тәртіп» қағидаты негізінде Әділетті Қазақстанды құруға бағытталған. Ұлы даланың мыңдаған жылдық тарихының сабақтастығы алғаш рет конституциялық деңгейде бекітіліп отыр.



Иә, Президент айтқандай, қазір біз Әділетті, Күшті, Озық әрі Таза Қазақстанды құрып жатырмыз. Мұны қоғамның барлық саласында ауқымды және түбегейлі өзгерістердің бастауы десе де болады. Шындығында, жаңа Конституция біздің алдағы мақсатымызды айқындап берді. Бұл – жас ұрпақтың игілігі үшін тұғыры берік, қуатты мемлекетті құрудың бастамасы.

Жалпыұлттық референдум кезінде ел азаматтары отаншылдық пен жауапкершіліктің үлгісін көрсетті. Барлық саланың мамандары осы ортақ іске белсене атсалысты. Саяси науқанда халқымыз біртұтас ұлт болып ұйысып, тарихи таңдау жасады. Бұл – ертеңге деген сенімнің белгісі, жарқын болашақтың бастауы. Енді оның жемісін көретін күндер де алыс емес.

Иә, күні ертең жаңа Конституция күшіне енеді. Бұл құжат мемлекет дамуының жаңа кезеңін айқындап, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды негізгі басымдық ретінде бекітеді. Конституцияның 1-бабында адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы екені нақты көрсетілген. Бұл қағида мемлекет қызметінің түпкі мақсаты – адамды қорғау, оның құқықтары мен бостандықтарын

қамтамасыз ету және қоғамдағы өмір сапасын арттыру екенін білдіреді. Осы қағидаға сәйкес, мемлекеттік органдар қабылдайтын барлық шешім ең алдымен азаматтардың мүддесі мен игілігін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Демек мемлекеттік басқару жүйесінің барлық бағыты адам факторы мен оның әл-ауқатына негізделеді.

Жаңа Конституция елдегі құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайтып, азамат пен мемлекет арасындағы өзара жауапкершілікті күшейтуге бағытталған. Жалпы халықтық референдумда қабылданған Конституция – Қазақстанның басты заңы. Дәл осы Ата Заң халқымызды әлемдік өркениеттің жаңа белесіне бастайды. Технологиялық жетістіктер, саяси дүрбелеңдер, әскери қақтығыстар белең алып жатқан қазіргі дәуірде Ата Заңымыздың жол нұсқаушы темірқазық ретіндегі маңызы еселенгендей.

Конституция шілденің алғашқы күні күшіне енеді, тамыз айында бір палаталы Құрылтай сайлауы өтеді, ал қыркүйекте Қазақстан Халық Кеңесі құрылады. Міне, осыдан-ақ біздің ауқымды өзгерістер кезеңіне аяқ басқанымызды аңғаруға болады. Қазірдің өзінде ел азаматтарының басым көпшілігі заңға құрметпен қарау,

қоғамдық тәртіпті нығайту стратегиясын қолдайды.

Конституцияның негізгі принципі «мемлекет адам үшін қызмет етеді» дегенге саяды. Мұны тек декларация деп қарамау керек. Шындығында, бұл – бүкіл құжаттың өзегі. Енді құқықтар мен бостандықтарды қорғау күшейтіледі, заң үстемдігі нақты бекітіледі, азаматтарды негізсіз қысымнан қорғайтын қосымша кепілдіктер енгізілмек.

Жаңа Конституция бір жағынан білім, ғылым және технологиялық даму бағыттарына ерекше басымдық береді. Бұл елдің ұзақмерзімді бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін негізгі фактор десе де болады. Сонымен қатар қоғамның саяси мәдениеті де өзгеріп жатқанын біз қазірден бағамдап отырмыз. Мұның бір айғағы, қазір азаматтар мемлекеттік шешімдерге белсенді араласуда.

Жаңа Конституция осы үрдісті одан әрі күшейтеді деп сенеміз. Мәселен, өкілді органдардың рөлі артып, мемлекет пен қоғам арасындағы диалог кеңеймек. Жаңа Конституция қабылданғаннан кейінгі басты кезең – оны іс жүзінде жүзеге асыру. Алдағы уақытта жүзден астам заңға өзгеріс енгізіледі.

Мұны «халықтық құжат» деп атауға толық негіз бар. Өйткені енді Конституцияға өзгерістер тек бүкілхалықтық референдум арқылы енгізіледі. Бұл – саяси жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды кепіл. Мемлекеттік шешімдер ашық әрі институционалды түрде қабылданады. Ал жаңа модель мемлекеттік басқару жүйесін жаңа деңгейге көтермек. Бір жағынан Парламент, мәслихаттар мен партиялардың рөлі күшейсе, келесі кезекте азаматтар референдум және «Халық кеңесі» сияқты құралдар арқылы шешім қабылдауға тікелей қатыса алады. Міне, осы тұрғыда бұл – халықтық Конституция.

Заң мен тәртіп үстемдік құрған қоғамда халықтың өмір сүру сапасы артады. Ал жаңа Конституция соның бастауы іспетті. Міне, халықтың кешегі референдумда белсенді болуының мәні де осында жатыр. Демек біздің қоғам бұл өзгерісті қалайды. Ал Ата Заңға қатысты Президентіміз уақытында шешім қабылдағанын осыдан-ақ аңғаруға болады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

«ЖОК» ақпарат

### Ауыл тынысы

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың халықпен кездесуі екінші күні Аққыр ауылынан басталды. Кездесуде аудан әкімі ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне тоқталып, биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында атқарылған жұмыстар мен алдағы кезеңге жоспарланған жобалар туралы баяндады. Сонымен қатар ауыл тұрғындарының ұсыныс-пікірлері мен талап-тілегін мұқият тыңдады.

Аққыр ауылы аудан орталығынан шалғай орналасқанымен, соңғы жылдары аудан әкімінің тікелей қолдауымен мұнда бірқатар маңызды жоба жүзеге асуда. Ауыл халқының бұрыннан көтеріп жүрген инфрақұрылымды жақсарту, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру сынды мәселелері кезек-кезеңімен шешімін тапқан.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың айтуынша, Аққыр ауылында халық игілігіне бағытталған бірқатар маңызды жоба жүзеге асып, тұрғындар бүгінде оның нәтижесін көріп отыр. Соның бірі – өткен жылы «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен 175 млн теңгеге салынған дене шынықтыру-сауықтыру кешені. Шалғай ауылда бой көтерген спорттық нысан бүгінде ел игілігіне қызмет етуде.

#### Жол сапасы жақсарған

Шалғай ауылдағы жалпы құны 489,9 млн теңгені құрайтын 5 ішкі көшеге күрделі жөндеу жүргізу жоспарланған. Былтыр облыс

## ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУ – ЕРТЕҢГЕ БАҒДАР



қазынасынан 182,7 млн теңгеге Н.Таспенов және Аққыр көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, биыл қалған үш көше, яғни М.Ахметов, Ы.Ақмырзаев және Ш.Есов көшелері толықтай жаңғыртылған.

Бұдан бөлек «Үлгілі елді мекен» номинациясы аясында ауылды абаттандыру жұмыстарына 15 млн теңге бөлініп, жалпы құны 16,5 млн теңгеге заманауи спорттық жаттығу алаңы салынған. Бұл жобалар ауыл

#### Шалғай ауылдың шаруасы шираған

200-ге жуық отбасы қоныстанған ауылдың негізгі тыныс-тіршілігі мал шаруашылығымен тікелей байланысты. Олар төрт түлікті түлетіп, табыс тайқазанын үлкейтуде. Шалғайдағы

шағын ауыл болса да жергілікті халық мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып, кәсіп ашуға машықтанған. Әрине, бұл – қуантарлық жағдай. Себебі бұл ауылдағы шаруашылықтың ширауына әрі жұмыссыздық мәселесін тұсауға үлкен қолғабыс болмақ.

Елді мекенде 95 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Бүгінде оның барлығы толық жұмыс жасап тұр. Былтыр шағын және орта кәсіпкерлікті бастау немесе дамыту бойынша «Бизнес Бастау» бағдарламасына 6 ауыл тұрғыны құжат тапсырып, оның 4-еуі қайтарымсыз грантты жеңіп алған.

Мұнан бөлек «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 2 ауыл тұрғыны асылтұқымды мүйізді ірі қара өсіруге құжат өткізіп, 1 ауыл тұрғыны 4,8 млн теңге несие алған.

Кездесуде аудан әкімі Ардақ Әбдіғәппарұлы есепті кездесудің басты мақсаты халықпен ашық пікір алмасуы, ауыл тұрғындарын толғандырған мәселелерді бірге талқылау екенін атап өтті.

– Кеше халықпен кездесуіміз Жаңадария ауылында басталып, Ақсу ауылында қорытындыланды. Бүгінгі жұмыс сапарымызды Аққыр ауылынан бастап отырмыз. Негізгі мақсат – ел ішінде қандай өзекті мәселелер бар, олардың шешу жолдарын тұрғындармен бірге талқылау. Әрине, барлық мәселені бір мезетте шешу мүмкін емес. Дегенмен алдағы уақытта қаржы мүмкіндігіне қарай кезек-кезеңімен шешімін табуы үшін тиісті жұмыстар жүргізіледі. Ең бастысы, халықтың көтерген бірде-бір мәселесі назардан тыс қалмайды, – деді аудан әкімі.

Айта кетейік, ауылдағы алтын ұя жаңа оқу жылын 154 оқушымен бастаған болатын. Мұнан бөлек 19 оқушы мектепалды даярлық тобына келсе, 16 оқушы 1 сыныпқа қабылданған. Сондай-ақ 8 оқушы мектеп бітірді. Мұндағы бітіруші түлектер жыл сайын ҰБТ-ға түгел қатысуды дәстүрге айналдырған, яғни соңғы 8 жылда білім алған түлектердің барлығы ҰБТ-ға түгел қатысып, еліміздегі маңдайалды жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндігіне ие болған. Ал биылғы түлектердің 5-еуі ұлттық бірыңғай тестілеудің алғашқы кезеңінде өз білімдерін саралаған. Қалған 3 түлек өз өтініштері бойынша арнаулы оқу орнына құжат тапсырмақ. Биыл түлектердің алды ұлттық бірыңғай тестілеуден 102 балл жинаған.

Ауыл тұрғындары кездесуде аяқсумен қамтамасыз ету мәселесін көтерді. Бұл ретте тиісті сала басшылары бұл бағытта жобасметалық құжаттаманың әзірленгенін хабарлады. Олардың айтуынша, жоба аясындағы жұмыстар биыл күзде басталып, келер жылы толық аяқталмақ.

Сонымен қатар тұрғындар соңғы үш жылда ауылда мал ұрлығының жиілегеніне алаңдайтындарын жеткізді. Олардың айтуынша, мал ұрлығы әсіресе қыркүйек пен мамыр айы аралығында көбейеді. Осыған байланысты жергілікті халық ауылға кіріп-шығатын көліктерге бақылауды күшейтіп, рейдтік іс-шараларды жиі өткізуді талап етті.

Жалғасы 4-бетте

**Поэзия әлемі**

«Өнер – халықтың жаны, әдебиет – ұлттың рухани айнасы» дейді дана халқымыз. Ғасырлар бойы халқымыздың қуанышы мен қайғысын, арман-мұраты мен асыл қасиетін жырға қосқан ақындар – ұлт руханиятының шамшырағы. Өйткені жыр – жүректің үні, көңілдің сыры, уақыттың шежіресі.

Адам баласының жан дүниесін байытып, рухын асқақтататын ұлы күштің бірі – поэзия. Кейде өмірдің күйбең тіршілігінен шаршаған көңіл өлеңнің мөлдір бұлағынан сусындап, рухани шөлін қандырады. «Жақсының сөзі – жан азығы» дегендей, шынайы жыр адамның жүрегінен жол тауып, санасына сәуле құяды. Осындай рухани байлыққа толы тағалымды кештің бірі Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын Қуат Адистің шығармашылығын кеңінен насихаттауға арналған «Өлеңімде өмір бар» атты поэзиялық кеш болды. Мәдениет және өнерді дамыту орталығы ұйымдастырған бұл әдеби басқосу сөз қадірін бағалайтын оқырман мен тыңдарман қауымға ерекше әсер сыйлады.

Кеш шымылдығы ашылған сәттен бастап-ақ көрермен жыр әлемінің ғажайып кеңістігіне саяхат жасады. Ақынның туған жерге деген сағынышы, елдік рухы, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін терең ойлы шығармалары оқылып, әрбір өлең жолынан қаламгердің азаматтық болмысы мен жүрек лүпілі сезілді.

– Бүгінгі рухани жүздесуді ұйымдастырған мәдениет және өнерді дамыту орталығының ұжымына және жырды қадірлеп, кешке арнайы келіп отырған барша оқырман мен тыңдарман қауымға шынайы алғысымды білдіремін. Ақын үшін оқырманның ықыласынан артық марапат жоқ. Өлең – менің өмірімнің бір бөлшегі, жан дүниемнің айнасы. Егер жырым бір адамның жүрегіне жылу сыйлап, ойына ой қосса, қаламгерлік еңбегімнің ақталғаны, – деді Қуат Адис.

«Ақынның жыры – халықтың сыры» демекші, Қуат Адис шығармалары балалар әдебиеті мен қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған ерекше туындылар қатарынан орын алады. Оның

# ӨЛЕҢІНДЕ ӨМІР БАР



өлеңдері – жас ұрпақты отансүйгіштікке, адамгершілікке, ізгілік пен адалдыққа тәрбиелейтін құнды дүниелер.

Ақын шығармашылығындағы ерекше туындының бірі – «Серт» өлеңі. Бұл жырда ақынның өлеңге деген шексіз құрметі, сөз өнеріне деген адалдығы мен ақындық ар алдындағы жауапкершілігі терең көрініс тапқан.

Жүрседі де жүрегімде жылдап қайғым, Сөзімнен сені әлдилеп құндақтаймын. Ерігіп ермек еткен әлдекімге, Өлең сенің арыңды былғатпаймын.

Осы бір төрт жолдың өзінде ақынның өлеңді жай ғана шығарма емес, жан дүниесінің ең асыл аманаты, жүрек қазынасы ретінде қабылдайтыны анық аңғарылады. Жүрегіңдегі мұң мен қайғыны өлең арқылы тербетіп, оған ананың балаға деген мейіріміндей нәзік сезіммен қарайды. Ал «Өлең сенің арыңды былғатпаймын» деген жолдар қаламгердің сөз қиснесі деген құрметін, өлеңді арзан атақ пен өткіш қызықтың құралына айналдырмайтын биік ұстанымын білдіреді. Бұл – нағыз ақындық серт, шығармашылық тазалықтың көрінісі.

Кеште ақынның өлеңдерін оқып, оның жыр әлемін көрермен жүрегіне жеткізген өнерпаздар мен жыр сүйер оқырманның еңбегі де ерекше болды. Олар әрбір

шумақтың мәнін сезіне отырып, ақын жүрегінен туған сырлы сөздерді әсерлі жеткізіп, әдеби кештің мазмұнын байта түсті. Өйткені өлеңді оқу ғана емес, оны жүрекпен сезініп, тыңдаушыға жеткізу – үлкен өнер.

Салтанатты сәтте мәдениет және өнерді дамыту орталығының ұжымы ақынға құрмет көрсетіп, сый-сияпат табыстады. Бұл – қаламгердің шығармашылығына деген құрмет пен ұлттық әдебиетке деген ізеттің айқын белгісі.

Кешке арнайы қатысқан Жалағаш аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Дина Нұржанқызы да ақын шығармашылығына жоғары баға беріп, өзінің жүрекжарды лебізін білдірді.

– Тіл – ұлттың жаны, әдебиет – халықтың мәңгілік қазынасы. Қуат Адистің шығармаларында туған тілдің көркемдігі, қазақы болмыстың тереңдігі, елге деген сүйіспеншілік пен адамгершілік құндылықтар кеңінен көрініс тапқан. Осындай қаламгерлердің еңбегін дәріптеп, олардың шығармаларын кейінгі ұрпаққа насихаттау – баршамыздың ортақ парызымыз. Қаламыңыз мұқалмасын, жырыңыз сарқылмасын, оқырманыңыз көбейе берсін, – деді Дина Нұржанқызы.

Әдеби кеште мәдениет және өнерді дамыту орталығының директоры Ирина Өмірзаққызы да жүрекжарды лебізін білдіріп, ақын шығармаларына жоғары баға берді.

– Әдебиет пен мәдениет – қоғамның рухани тұғыры. Халықтың тарихы мен тағдыры, болмысы мен дүниетанымы ең алдымен сөз өнерінде сақталады. Біздің мақсатымыз – жергілікті ақын-жазушылардың шығармашылық мұрасын насихаттап, жастардың кітап оқуға және көркем әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттыру. Бүгінгі кеш – сол игі мақсаттың жарқын көрінісі, – деді ол.

Рухани кеште ақынның шығармашылық әлемі жан-жақты танытырылып, оның балаларға арналған өлеңдері, туған жер туралы толғаныстары, өмір мен адамзат құндылықтары жайлы терең философиялық жырлары кеңінен насихатталды. Әрбір оқылған өлең көрерменнің көңіл қылын тербеп, жан дүниесіне шуақ сыйлады.

«Сөз қадірін білмеген өз қадірін білмейді» дейді халқымыз. Бүгінгі таңда, яғни технология қарыштап дамыған заманда кітапқа деген қызығушылықты арттыру, жас буынның әдебиетке деген сүйіспеншілігін ояту – маңызды міндеттің бірі. Осы тұрғыдан алғанда «Өлеңімде өмір бар» атты әдеби кештің тағылымды мәні ерекше.

Жыр кешіне жиналған қауым ақын шығармашылығы арқылы туған жердің қадірін, ана тілінің қасиетін, адамдықтың биік мұратын тағы бір мәрте сезінді. Жүректерден жол тапқан жыр жолдары көпшіліктің жан дүниесіне ерекше әсер қалдырды.

Қазақтың ұлы ақыны Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген ұлағат бекер айтылмаған. Шынайы поэзия ешқашан өз құндылығын жоғалтпайды. Ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, халықтың рухани байлығына айналады. «Өлеңімде өмір бар» атты кеш те осындай мәңгілік құндылықтарды дәріптеген, әдебиеттің абыройын асқақтатқан, сөз өнерінің құдіретін танытқан тағылымы терең рухани шара болды.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

**Еңбек адамы**



# ӨМІР ЖОЛЫ ӨНЕГЕ

**Мен ол кісіні көптен бері білемін. Олай дейтінім, бір фермада, бір салада қатар қызмет еттік. Мен фермада шопан болып қой бақтым. Ол мал дәрігері, кейін ферма меңгерушісі болды. Зейнеткерлік жасына келсе де, қимылы ширақ, пақуатты болатын. Үйдің күйбең тірлігінен қолы бір босамайды.**

Үй алдындағы бақшалыққа қарайды. Сыртта мал ұстап, кәсіппен айналысып жүрген балаларына басшылық жасайды. Немерелерін мектепке алып барып, алып қайтады. Той-томалақ та көп, шақырған ағайынның қайғы-қуанышына ортақтасады. «Азамат ердің баласы аз ғана сөйлеп, көп тыңдар» демей ме, әкеден келген қасиет шығар, көп сөйлеп, кеудесін ұрған кезі жоқ. Өзінің көзқарасы бар, он ойланғып, орынды пікірін айтады. Істің көзін, сөздің парқын білетін ардагер ағаның саликалы еңбегімен тындап сүйсінесің.

Иә, ардагер Барлыбай Табановтың еңбек жолы көз алдымда. Сонау алпысыншы жылдардан кейін Қазалыдағы ауыл шаруашылық техникумының мал дәрігері факультетін бітіріп келген есімде. Содан кейін қазіргі Мәдениет совхозында мамандығы бойынша қызмет етті.

Ол кезде мал ауруы көп болатын. Қарақұмды қыстап, Сыр бойы мен қызылды жайлайтын малшыларды атпен аралап жүріп төрт малды емдеп жазғанын көзіміз көрді. 1968 жылы Жаңадария совхозының 3 фермасында мал дәрігері, ферма меңгерушісі қызметтерін атқарып, мал шаруашылығын дамытуға қомақты үлесін қосты.

Сол жылдары көптеген игілікті жұмыстар жалғасын тапты. Ферма орталығында жем-шөп базасы жасалды. Жаңадария жағалауында жаңадан шопан үйлері салынып, қалған қыстаулар жөнделді. Ферманың қойлары Қызылда қолдан ұрықтандырылып, мол өнімге негіз қаланды.

Барлекең басқарған 1973-1975 жылдары ферма бойынша әр жүз аналықтан алынған төл 120-140-тан айналды. Сол кездері фермадағы қой саны 25 мыңға жетті. Совхоздың ауыспалы «Қызыл Туын» үш жыл қатарынан жеңіп алып, ферманың абыройы артты. Міне, мұндай жетістікке жету басшының жұмысты ұйымдастыра білетін іскерлігіне байланысты еді.

– Халықтың күнкөрісі төрт түлік мал шаруашылығын дамыту қажет. Көп күтімді керек етпейтін қой-ешкінің сүті мен еті – тамақ, жүні мен терісі – шикізат. Сондықтан мал өнімдерін қабылдап, оны өңдейтін кәсіпорын керек-ақ, – дейді Барлекең.

Бейнет түбі – зейнет, жасы келіп зейнеткерлікке шыққан Б.Табанов Жалағашқа көшіп келіп, аудандық орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінде бастауыш ардагерлер ұйымында есепте тұрды. Қарттар күні мен басқа да мерекелерде арнайы шақырылып, сый-құрмет көрсетілді. Азды-көпті еңбегін ескеріп, қомқорлыққа алғаны үшін кент ардагерлер кеңесіне дән риза.

Жақсы әйел – жарым ырыс. Өмірлік жары Айнагүл Бодышқызы екеуі жарасымды жұп болды. Айтпақшы, Айнагүл апаның қолынан келмейтін іс жоқ, көрпеше көптеп, киіз басу, кілем тоқудың хас шебері еді. Үйіндегі жеті қанат киіз үйдің басқұры мен баулары, құрақ көрпешелер, түрлі оюмен өрнектелген тұскиздер, кілемдер Айнагүл апаның қолынан шыққан дүниелер екенін тұрғындар жақсы біледі.

Әулеттің құтты келіні болған адал жар, аяулы ана 5 баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп қатарға қосты. Бүгінде сол ұл-қыздарынан тараған ұрпақтары ер жетіп, еңбек етіп, өнегелі өмір жолдарын жалғастырып келеді. Балаға әке, немерелерге ата болу – үлкен бақыт. Ал бүгінгі ұрпаққа ағалық сөз айтып, ақсақал болу да – бір мәртебе. Шүкір, екеуі де бейнеттің зейнетін, немерелерінің қызығын көрді. Айнагүл апа ауырып, ұзаққа созылған кеселдің кесірінен қайтыс болды. Өткен жылы сексеннің сенгірінен асқанда Барлекең де бақилық болып, мәңгілік мекеніне аттанды. Олардың адал еңбегі, жауапті ісі, қарапайым болмысы – кейінгі жастарға үлгі-өнеге.

**Серік БЕРТАЕВ,**  
ардагер-журналист

## Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққыр ауылдық округі әкіміне үміткер Жусупова Қымбат Әнуарқызының 2026-2030 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы



**Өмірбаяны**

Жусупова Қымбат Әнуарқызы 1988 жылы 7 желтоқсанда Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1996-2004 жылдары кенттегі Әл-Фараби атындағы №201 орта мектепте білім алған. 2004 - 2007 жылдары Қызылорда қаласындағы «Қызмет» колледжінде «Бухгалтер-аудитор» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім алған.

2007-2010 жылдары Қарағанды қаласындағы «Қазтұтынуодағы» Қарағанды экономикалық университетінде «Есеп және аудит» мамандығы бойынша білім алған.

Еңбек жолын 2008 жылы Аламесек ауылдық округі әкімінің аппаратында есепші болып бастады.

2009-2012 жылдары аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінде есепші қызметін атқарды.

2012-2013 жылдары аудандық қаржы бөлімінде бас маман болып жұмыс жасады.

2013-2025 жылдары Ақсу ауылдық округі әкімінің аппаратында жетекші маман ретінде жұмыс жасады.

2025 жылы 11 наурыздан бастап Ақсу ауылдық округі әкімінің аппаратында бас маман қызметін атқарып келеді.

Отбасылы, бір ұл тәрбиелеп отыр.

### Сайлауалды бағдарламасы

- Аққыр ауылында білім беру, денсаулық сақтау салаларының дамуына қолдау көрсетіп, мәдениет, спорт және ауыл шаруашылығының өркендеуіне тұрақты түрде көңіл бөлемін.
- Ауылда әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға, көпбалалы аналарға жан-жақты қолдау көрсетіп, олардың әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған жаңа бастамалар мен тың жобаларды жүзеге асыруға күш саламын.
- Учаскелік полиция қызметкерлерімен, ардагерлер кеңесімен және ауыл тұрғындарымен бірлесіп отырып, қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуге және құқықбұзушылықтың алдын алуға ықпал етемін.
- Ауылдағы жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдай жасаймын. Тұрғындардың мемлекеттік бағдарламалар арқылы өз кәсібін ашуына

жан-жақты қолдау көрсетіп, қайтарымсыз мемлекеттік гранттар мен жеңілдетілген несиелерге қол жеткізуіне ықпал етемін. Өз кәсібін бастауға ниетті азаматтардың жобаларын ауылда жүзеге асыруына қажетті қолдау көрсетуге бар күш-жігерімді жұмсаймын.

5. Егін және мал шаруашылығын дамытуға арналған мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдалануына ықпал етіп, ауыл тұрғындарының шаруашылығын кеңейтуіне жағдай жасаймын. Мал басын көбейтуге, егін өнімділігін арттыруға және ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін ұлғайтуға бағытталған жұмыстарды қолдаймын.

6. Ауылда жүзеге асырылып жатқан саяси, мәдени және әлеуметтік іс-шараларды кеңінен насихаттап, тұрғындармен ашық әрі тығыз байланыс орнатамын. Елді мекеннің өзекті мәселелерін халықпен бірлесіп талқылап, оларды шешуге барлық күш-жігерімді жұмсаймын.

7. Аққыр ауылында электр энергиясы, ауызсу және аяқсу

қызметтерінің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға ықпал етіп, тұрғындардың жайлы әрі сапалы өмір сүруіне қолайлы жағдай жасауды басты міндетімнің бірі деп санаймын.

8. Ауылда жаңадан мәдениет үйінің бой көтеруіне ықпал етіп, жасөспірімдердің үйірмелерге қатысуына жағдай жасаймын.

9. Алдағы уақытта ауылдың гүлденуі мен тұрғындардың әл-ауқатын арттыру жолында бар білімім, тәжірибем және қарым-қабілетімді аяныбай жұмсаймын.

Мен үшін ең бастысы, халықтың сенімі мен әл-ауқаты. Халықтың сенімі – үлкен жауапкершілік, ал оның әл-ауқатын арттыру – басты мақсатым. Бірлесіп еңбек етіп, ауызбіршілік танытсақ, ауылымызды көркейтіп, дамыған, тазарып жайлы мекенге айналдыра аламыз. Сіздердің қолдауларыңыз бен сенімдеріңіз – жарқын болашағымыздың кепілі.

**Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді**

## Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққыр ауылдық округі әкіміне үміткер Жоламанова Роза Нұрланқызының 2026-2030 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы



**Өмірбаяны**

Жоламанова Роза Нұрланқызы 1986 жылы 7 тамызда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мырзабай ахун ауылында дүниеге келген. 1993-2003 жылдары №122 орта мектепте білім алып, мектеп қабырғасында-ақ қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті. Білімге деген құштарлығы оны Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінде

жетеледі. 2003-2009 жылдар аралығында жоғары білім алып, елге қызмет етуді өзінің өмірлік мақсатына айналдырды.

Еңбек жолын 2015-2018 жылдары «Еңбек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жетекші маман болып бастады. Бұл кезеңде халықпен етене жұмыс істеп, ауылдағы әлеуметтік мәселелердің қыр-сырын терең меңгерді.

2018 жылы 1 маусымнан бастап «Мырзабай ахун ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бас маман қызметін абыроймен атқарып келеді.

Отбасылы, бір ұл, төрт қыз тәрбиелеп отыр.

### Сайлауалды бағдарламасы

Аққыр ауылының тыныс-тіршілігі маған таңсық емес. Ауылдағы әрбір мәселе, әрбір тұрғынның мұңы мен қуанышы мен үшін маңызды. Сондықтан өзімнің өмірлік тәжірибем мен жинаған білімімді ауылдың дамуына арнауды мақсат еттім.

Бірінші кезекте аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға,

ардагерлер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жан-жақты қолдау көрсету – басты міндетім. Ардагерлердің белсенді өмір сүруіне жағдай жасап, спорттық және мәдени шараларды тұрақты өткізуді қолға аламын. Әйелдер кеңесімен бірлесіп, жас қыз-келіншектер арасында ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты жаңғыртуға бағытталған жобаларды жүзеге асырамын. Қайырымдылық шараларын тұрақты өткізіп, қоғамдағы мейірімділік пен жанашырлықты арттыруға күш саламын.

Халықтың тұрмыс сапасын арттырудың негізгі тетігі – тұрақты жұмыс орындарын ашу. Осы бағытта ауыл тұрғындарын ашу – маңызды міндет. Ауыл ішінде балалар ойын алаңдарын, заманауи футбол алаңын, саябақтар мен жазғы кинотеатр салу мәселесіне ерекше назар аударыла-ды. Жастардың кент немесе қалаға бармай-ақ, өз ауылында сапалы демалуына жағдай жасаймын.

Қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау, ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптеу және ауыл тұрғындарының бірлігін нығайту мақсатында мәдени-көпшілік іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылады.

Мемлекеттік бағдарламалар аясында жастардың қайтарымыз гранттар мен төмен пайызды несиелер алуына жан-жақты қолдау көрсетіліп, өз кәсібін ашуына бағыт-бағдар беріледі. Жастардың ауылда тұрақтап, еңбек етуіне мүмкіндік жасау – басты міндеттің бірі.

«Туған жерге тағзым» тұжырымдамасы аясында туған елдің өркендеуіне үлес қосып жүрген азаматтар мен меценаттарды ауылды дамыту ісіне тартамын. Ауылдың тазалығын сақтау, көшелерді көгалдандыру, аулаларды абаттандыру және жаңа нысандардың бой көтеруіне ықпал ету – басты мақсатым.

Жастардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін жаңа спорт және мәдени демалыс орындарын ашу – маңызды міндет. Ауыл ішінде балалар ойын алаңдарын, заманауи футбол алаңын, саябақтар мен жазғы кинотеатр салу мәселесіне ерекше назар аударыла-ды. Жастардың кент немесе қалаға бармай-ақ, өз ауылында сапалы демалуына жағдай жасаймын.

Қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау, ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптеу және ауыл тұрғындарының бірлігін нығайту мақсатында мәдени-көпшілік іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылады.

Жастардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін жаңа спорт және мәдени демалыс орындарын ашу – маңызды міндет. Ауыл ішінде балалар ойын алаңдарын, заманауи футбол алаңын, саябақтар мен жазғы кинотеатр салу мәселесіне ерекше назар аударыла-ды. Жастардың кент немесе қалаға бармай-ақ, өз ауылында сапалы демалуына жағдай жасаймын.

Қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау, ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптеу және ауыл тұрғындарының бірлігін нығайту мақсатында мәдени-көпшілік іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылады.

**Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді**

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ АҚҚЫР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР АЛЫБАЕВ ЖАСҰЛАН ТӘНІРБЕРГЕНҰЛЫНЫҢ 2026-2030 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ**



Сайлауалды бағдарламасы

Менің басты ұстанымым – халықтың үніне құлақ асатын, елдің мұн-мұқтажын бірте көтеретін, ауылдың әрбір тұрғынымен ашық әрі әділ жұмыс істейтін әкім болу.

1. Ауылдың инфрақұрылымын дамыту.

Алдағы кезеңде ішкі көшелерге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге күш саламын. Сонымен қатар ауыл ішіндегі жолдардың сапасын жақсарту, көшелерді жарықтандыру және инженерлік желілерді жаңғырту басты назарда болады.

2. Мәдениет саласын дамыту.

Ауылдық округте 100 орындық жана клуб құрылысын салуға қаржы тарту және оны іске асыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіледі.

3. Ауыл шаруашылығын дамыту және аяқсу мәселесін шешу.

Оңтүстік коллектордан аяқсу әкелу

**Өмірбаяны**

Алыбаев Жасұлан Тәнірбергенұлы 1991 жылы 16 тамызда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққыр ауылында дүниеге келген.

№188 орта мектебінен білім алып, кейін Жалағаш кентіндегі №246 орта мектепте жалғастырды.

2009 жылы Алматы қаласындағы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» мамандығы бойынша жоғары білім алды.

2024 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдады.

Еңбек жолын жеке кәсіпкерлікпен бастады.

Кейін «Ақ Қауіп» мекемесінде шаруашылық менеджері қызметін атқарды.

Ал 2018 жылдан бері «Бала сыры» мекемесінің директоры ретінде жас ұрпақтың тәрбиесіне, білім мен тәрбие саласының дамуына өз үлесін қосып келеді.

Отбасылы, бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр.

жобасын жүзеге асыруға күш салынып, ауыл шаруашылығының әлеуетін арттыруға жағдай жасалады.

4. Кәсіпкерлікті дамыту мен жаңа жұмыс орындарын ашу.

Мемлекеттік бағдарламаларға қатысушылар санын көбейтіп, жастар мен ауыл тұрғындарының кәсіп бастауына жан-жақты қолдау көрсетіледі.

5. Жастар саясатын дамыту.

Жастардың білім алуына, спортпен және шығармашылықпен айналысуына қолайлы жағдай жасауға басымдық беріледі.

6. Әлеуметтік қолдауды күшейту.

Көпбалалы отбасыларға, ардагерлер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолдау көрсету шаралары жалғасады.

7. Білім, мәдениет және спорт салаларын дамыту.

Материалдық-техникалық базаны нығайтып, ұлттық құндылықтарды дәрін-теуге ерекше көңіл бөлінеді. Жастардың спортпен шұғылдануына, сапалы білім алуына, бойдағы талантын пындауға жағдай жасалады.

8. Ауылдың тазалығы мен көркейту жұмыстарын жалғастыру.

Қоғалдандыру, абаттандыру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде

жүргізіледі.

9. Халықпен ашық байланыс орнату.

Әрбір тұрғынның ұсынысы мен пікірі ескеріліп, ауылдың болашағына қатысты маңызды мәселелер елмен ақылдаса отырып шешілетін болады.

Мен үшін әкімдік қызмет – мансап емес, туған жерге қызмет етудің үлкен жауапкершілігі. Аққыр – менің туған жерім, балалық шағымның бесігі, өмірімнің бастауы. Сондықтан ауылдың әрбір жетістігі – менің қуанышым, әрбір мәселесі – менің де уайымым.

Біздің мақсатымыз – бірлігі бекем, берекесі мол, болашағы жарқын Аққыр ауылын қалыптастыру. Біз бірлесе еңбек етсек, алыбайтын асу, бағынбайтын бесек жол.

Болашақ бүгіннен басталады. Ал туған жердің ертені – біздің ортақ жауапкершілігіміз.

Бірге болайық, бірлікпен еңбек етейік, туған ауылымыздың жарқын келешегін бірге жасайық!

**Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді**

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ М.ШӘМӨНОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ЕСЖАНОВ ГАЛЫМЖАН САҢСЫЗБАЕВИЧТЫҢ 2026-2030 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ**



Сайлауалды бағдарламасы

Инфрақұрылымды дамыту

Ауылдың өркендеуі ең алдымен оның инфрақұрылымының сапасымен өлшенеді. Сондықтан ауыл ішіндегі сапасы сын көтермейтін көшелерді кезең-кезеңімен жөндеу жұмыстарын жалғастыруға күш саламын.

2027-2028 жылдары ауыл көшелерін жарықтандыруға басымдық беріп, ішкі көшелер мен ауылға кіреберіс аудандық маңызды бар автомобиль жолындағы жарықшамдарын жаңарту жұмыстары қолға алынады. Сонымен қатар көшелердің санитарлық жағдайын жақсарту, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жол белгілерін жаңарту және тұрғындардың еркін қозғалысына қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасады.

Әлеуметтік нысандарды жаңғырту

Ауыл тұрғындарының мәдени және әлеуметтік қажеттіліктерін қамтамасыз ету – басты міндеттеріміз. Осы бағытта ауылдық мәдениет үйін газландыру жұмыстарын жүзеге асырып, мәдени-көпшілік іс-шаралардың сапасын арттыруға, жастар мен тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, өнер,

**Өмірбаяны**

Есжанов Галымжан Сансызбаевич 1970 жылы 3 желтоқсанда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кентінде дүниеге келген.

Білімі жоғары. 1992 жылы Қызылорда қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түсіп, 1995 жылы «Экономист-бухгалтер» мамандығын игеріп шықты. Кейін білімін одан әрі жетілдіріп, 2002 жылы Қазақстандық экономика және құқық институтын «Экономист» мамандығы бойынша тәмамдады.

Еңбек жолын 1991 жылы «Коммунизм» совхозында қарапайым жұмысшы болып бастады. 1998 жылы тамыздан бастап М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратында салық инспекторы қызметін атқарды. 2002 жылы аудандық экономика және кәсіпкерлікті қолдау бөлімінде іс жүргізіші, ал 2003-2004 жылдары аудандық экономика және кәсіпкерлікті қолдау бөлімінің бас маманы болып еңбек етті.

2005 жылы М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, 2006 жылы Жалағаш аудандық қазынашылық бөлімінің бас маманы қызметтерін атқарды. 2013-2018 жылдары Жалағаш аудандық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары болып қызмет етті. 2018 жылы тамыздан бастап М.Шәменов ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып келеді.

Отбасылы, үш перзент тәрбиелеп отыр.

спорт және шығармашылық үйірмелердің жұмысын жандандыруға басымдық беріледі. Балалардың қауіпсіз әрі сапалы білім мен тәрбие алуына қолайлы жағдай жасау мақсатында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде типтік үлгідегі бөбекжай-бақша салу үшін инвесторлар мен кәсіпкерлерді тарту бағытында жұмыс жүргізіледі.

Аяқсу мәселесін шешу

Ауыл тұрғындарының басым бөлігі бұй-бақша шаруашылығымен айналысатындықтан, аяқсу мәселесі өзекті міндеттің бірі болып қала берді. Алдағы уақытта аяқсу арналарының тиімді жұмысын қамтамасыз ету, арықтарды тазалау, ескі гидротехникалық құрылымдарды қалпына келтіру және су ресурстарын ұтымды пайдалану бағытында жұмыстар басты назарда болады.

Абаттандыру және қоғалдандыру

«Таза ауыл – берекелі ауыл» қағидасын басшылыққа алып, ауылдың санитарлық тазалығын сақтау, ағаш отырғызу, қоғалдандыру жұмыстарын күшейту, көшелер мен қоғамдық орындарды абаттандыру және қоршаған ортаны тазалығын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жалғасады.

Сонымен қатар балалар және спорт алаңдарын, тұрғындардың тынығуына арналған демалыс орындарын мен аллеялар салу үшін демеушілер мен кәсіпкерлерді тарту жұмыстары жүргізіледі.

Жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті қолдау

Халықтың әл-ауқатын арттырудың басты келісі – тұрақты жұмыс пен кәсіпкерлікті дамыту. Осы бағытта шағын және орта

кәсіпкерлікті дамытуға, мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға қолдау көрсетуге, гранттар мен жеңілдетілген несиелер алуға сүйемелдеу жұмыстарын ұйымдастыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға көңіл бөлінеді.

Жастарды қолдау және спортты дамыту

Жастардың бастамаларын қолдау, спорттық және мәдени іс-шараларды көбейту, жас мамандарды ауылға тарту, еркіткер қозғалысын дамыту және жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі.

Әлеуметтік қорғау және қоғамдық келісім

Жастардың бастамаларын қолдау, спорттық және мәдени іс-шараларды көбейту, жас мамандарды ауылға тарту, еркіткер қозғалысын дамыту және жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі.

Ақпарат және халықпен байланыс

Әкімдік жұмысының басты қағидасы – ашықтық пен халықтың сенімі. Сондықтан тұрғындармен тұрақты кездесулер өткізу, әрбір ұсыныс-пікірді ескеру, маңызды мәселелерді халықпен бірлесіп талқылау, мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыру және әлеуметтік желілер арқылы кері байланысты күшейту.

**Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді**

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ М.ШӘМӨНОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР АРМАН ІЗБАСАРҰЛЫНЫҢ 2026-2030 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ**



Сайлауалды бағдарламасы

Мен ауылда туып-өсіп, ауыл тіршілігінің барлық қыр-сырын көріп өстім. Сондықтан ауыл тұрғындарының күнделікті мәселелері мен үшін жақсы таныс. Мемлекеттік қызметте жинақтаған тәжірибемді М.Шәменов ауылдық округінің өркендеуіне арнап, тұрғындардың әл-ауқатын арттыру жолында аяныбай еңбек етуге дайынмын.

Алдағы төрт жыл ішінде ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беріп, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған нақты жұмыстарды жүзеге асыруда мақсат етемін.

1. Ашық әрі халыққа жақын әкімдік қалыптастыру.

Тұрғындармен тұрақты кері байланыс орнатып, олардың ұсыныс-пікірлері мен өтініштерін мұқият зерделеуім. Әрбір мәселенің заң аясында әділ әрі уақытылы шешілуіне күш салып, ашықтық пен жариялыққа қағидаттарын басшылыққа аламын.

**Өмірбаяны**

Арман Избасарұлы 1992 жылы 22 қаңтарда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылында дүниеге келді. 2007 жылы №118 орта мектепті аяқтады. Сол жылы Қызылорда экономика және құқық колледжіне түсіп, «Есеп және аудит» мамандығы бойынша білім алды. 2010 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне қабылданып, 2013 жылы «Экономика және бизнес» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін иеленді.

Еңбек жолын 2012 жылы «Ауыл» КС ЖШС-да кепілмен қамтамасыз ету маманы ретінде бастады. 2013-2022 жылдары Таң ауылдық округі әкімі аппаратының нұсқаушысы қызметін атқарды. 2022 жылдың 26 қыркүйегінен бастап Таң ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы болып еңбек етіп келеді.

Отбасылы, үш қыз тәрбиелеп отыр.

2. Жұмыспен қамтуды арттыру.

Жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етіп, мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіпкерлікті дамытуға және тұрғындардың өз кәсібін бастауына жан-жақты қолдау көрсетемін.

3. Инфрақұрылымды дамыту.

Ауылдың ішкі көшелерін кезең-кезеңімен жөндеу, көшелерді жарықтандыру, электр желілерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету және коммуналдық инфрақұрылымды жақсарту бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асыруға күш саламын.

4. Ауылды абаттандыру және қоғалдандыру.

«Туған жерге тағзым» бастамасы аясында туған жердің жанаңшыр азаматтары мен кәсіпкерлерін ауылдың дамуына тартуға ықпал етемін. Елді мекеннің тазалығын сақтап, қоғалдандыру және абаттандыру жұмыстарын тұрақты ұйымдастыруға басымдық беремін.

5. Балалар мен жастарға қолайлы орта қалыптастыру.

Балалар мен жастардың бос уақытын тиімді әрі қауіпсіз өткізуге жағдай жасау мақсатында ойын алаңдарын, демалыс орындарын көбейтіп, сабақтарды абаттандыруға және қоғамдық кеңістікті дамытуға күш саламын.

6. Ұлттық құндылықтар мен қоғамдық келісімді нығайту.

Қоғамдық тұрақтылық пен бірлікті сақтау, ұлттық салт-дәстүр мен рухани

құндылықтарды дәріптеу мақсатында мәдени-көпшілік іс-шаралардың ауқымын кеңейтіп, тұрғындардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуына жағдай жасаймын.

7. Жастарды қолдау.

Жастардың білім алып, кәсіп менгеруіне және кәсіпкерлікпен айналысуына қолдау көрсетемін. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы қайтарымсыз гранттар мен жеңілдетілген несиелерге қол жеткізуге ықпал етіп, олардың бастамаларын жүзеге асыруға жан-жақты көмек беремін.

8. Бұқаралық спортты дамыту.

Дені сау ұлт – ел болашағының кепілі. Сондықтан ауыл тұрғындарының салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасап, бұқаралық спортты дамытуға, спорттық инфрақұрылымды жетілдіруге және барлық жастағы тұрғындардың спортпен тұрақты айналысуына мүмкіндік жасауға күш саламын.

Ауылдың бүгінгі жетістігін еселеп, ертенін одан әрі жарқын ету – баршамыздың ортақ міндетіміз. Осы мақсатта тұрғындардың ұсыныс-пікіріне сүйене отырып, ауылдың дамуы үшін нақты істерді жүзеге асыруға күш саламын. Сенімдеріңізге не болып, ел игілігі жолында еңбек етуге әзірмін.

**Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді**

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ М.ШӘМӨНОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ЕСЕНӘЛИЕВ НҰРЖАН ОСПАҢҰЛЫНЫҢ 2026-2030 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ**



Сайлауалды бағдарламасы

Өзім Бұқарбай батыр ауылында 4 жылға жуық қызмет атқардым. Кез келген ауылдың мәселесі, атқарылатын жұмыстармен танысып. Оның ішінде М.Шәменов ауылының тыныс-тіршілігі етене таныс. Азды-көпті жиган тәжірибемді алдағы уақытта өтегін саяси науқанға қатысу арқылы тұтас бір ауылдың болашағын жұмысасам деген ойым бар.

Бұл саяси науқан маған үлкен жауапкершілік жүктейді, яғни бір елді мекеннің алдағы 4 жылдағы болашағы менің қарым-қабілетіме, халықпен жұмыс жасай алуыма келмей байланысты.

Бұл уақыт ауылдың өкініш тынысын ашуға жетеді деп ойлаймын. Жалпы ауылда алдағы уақытта нешім табуы тиіс қандай мәселелер бар? Елді мекеннің тынысын кенейтіп, енесен тікшеуе тағы қандай жобалар қолға алу керек? Мұның бәрін мен үміткер болғаннан кейін терең үйіліп, сайлауалды бағдарламамды да

**Өмірбаяны**

Есенәлиев Нұржан Оспаңұлы 1989 жылы 5 қазанда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кентінде дүниеге келген.

2006 жылы Т.Жүргенов атындағы №123 орта мектепті бітірген.

2006-2010 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Агроинженерия» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

Еңбек жолын мемлекеттік қызмет саласында бастады.

2015-2019 жылдары «Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бас маман қызметін атқарған. 2019-2022 жылдары Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінде сектор менгерушісі болып жұмыс істеген.

2023 жылдан бастап Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінде сектор менгерушісі қызметін атқарып келеді.

Отбасылы, үш қыз тәрбиелеп отыр.

соған сай негіздедім.

1. Тұрғындармен тұрақты кездесулер өткізіліп, көтерілген мәселелердің уақытылы қаралуы қамтамасыз етіледі. Әрбір ұсыныс пен бастама елді мекеннің дамуына бағытталған нақты шешімдер қабылдауға ескеріледі.

2. Жұмыссыздық деңгейін төмендетуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылып, ауыл тұрғындарының кәсіп бастауына жол ашылады. Жаңа өндіріс пен шағын кәсіпкерліктің дамуына серпін беретін жобаларға басымдық беріледі.

3. Ішкі көшелердің жағдайын жақсарту, көше жарығын көбейту, электр желілерінің сапалы қызмет көрсетуін қамтамасыз ету және жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасады.

4. Ауылда жаңа балалық сабақ мәселесі тиісті деңгейде шешілгендігіне қамтамасыз ету және жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасады.

5. Елді мекеннің санитарлық тазалығын сақтау, қоғалдандыру жұмыстарын жандандыру, ағаш отырғызу көлемін арттыру және қоғамдық орындарды абаттандыру жүйелі түрде жүргізіледі. Ауылдың көркеюіне туған жердің жанаңшыр азаматтары мен кәсіпкерлерін жұмылдыру жұмыстары жалғасады.

6. Балалар мен жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін ойын және спорт алаңдарын көбейту, демалыс орындарын ашу, футбол алаңы мен өзге

де спорттық нысандар салу бағытында бастамалар жүзеге асырылады. Жастардың кәсіп игеруіне және өз ісін бастауына мемлекеттік бағдарламалар арқылы мүмкіндік жасалады.

8. Ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, тарихи-мәдени мұраны насихаттайтын іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылады. Өңделер кенесі, ардагерлер және жастар ұйымдарымен бірлесіп жобалар арқылы ұрпақ сабақтастығын нығайтуға мән беріледі.

9. Әлеуметтік жауапкершілік – басты қағида. Қайырымдылық акциялары мен қоғамдық бастамаларды ұйымдастыру арқылы ауылдағы ауызбіршілік пен өзара сыйластықты арттыру көзделеді.

Туған жердің тағдырына бейжай қарамай, ортақ іске жұмылған жұрттың мерейі ардайым үстем болады. Ұлттық бар жерде тіршілік тудейді, береке орнайды, еңбек өз жемісін береді. Бүгінгі атқарылып ігі іс ертенгі ұрпақтың игілігіне айналмақ. Елді мекеннің әрбір жетістігін ортақ жетіс деп білемін. Сондықтан сенімдеріңізді ақтап, тұрғындардың игілігі жолында жауапкершілікпен қызмет етуге дайынмын.

**Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді**

**Сайлаушылардың назарына!**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 28-бабының 4-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының Аққыр және М.Шәменов ауылдық округінің әкімдеріне кандидаттардың сайлаушылармен КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ

№	Кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты	Кездесу өткізілетін орын	Кездесудің өткізілетін күні	Кездесудің өткізілетін уақыты
1	Алыбаев Жасұлан Тәнірбергенұлы	Аққыр ауылдық округі Аққыр ауылы Нұрылда Таспенев көшесі №4.	03.07.2026 жыл	сағат 11:00
2	Жусупова Қымбат Әнуарқызы	Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№188 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.		
3	Жоламанова Роза Нұрланқызы			
1	Есжанов Галымжан Сансызбаевич	М.Шәменов ауылдық округі М.Шәменов ауылы Бұқарбай батыр көшесі №6, М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратының «М.Шәменов ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.	02.07.2026 жыл	сағат 10:00
2	Есенәлиев Нұржан Оспаңұлы			
3	Избасарұлы Арман			

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы

**Сақтансақ, сақтайды**

**ТҰРҒЫН ҮЙДЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАЙЫҚ**

Тұрғын үйдегі өрттің негізгі себептеріне электр желілері мен тұрмыстық электр құралдарын дұрыс пайдаланбау, газ жабдықтарының ақауы, ашық отты абайсыз қолдану, балалардың отпен ойнауы және шылдым шегу кезіндегі салғырттық жатады. Сондықтан алдағы уақытта мұндай оқиыққа жол бермеген жөн.

Өрттің алдын алу үшін электр сымдары мен розеткалардың жарамдылығын үнемі тексеріп отыру керек. Бір розеткаға бірнеше қуатты электр құралдарын қоспаңыз.

Газ шпнтасы мен газ жабдықтарын қараусыз қалдыруға болмайды. Үйден шығарда электр құралдарын және газды өшіруді ұмытпаңыз. Сіркіке, оттық сияқты тұтану көздерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Шылымды үй ішінде, әсіресе төсекке жатып шекпеніз. Эвакуация жолдарын

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

**Бақұл бол, аяулы ардагер**

2026 жылы 24 маусымда аудан экономикасының дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдырған сала ардагері Үкітай Әуесханқызы дүниеден өтті. Оның жарқын бейнесі, адамгершілік болмысы мен еңбекқорлығы жадымызда мәңгі сақталады. Жалағаш ауданының экономика және қаржы бөлімінің ұжымы сала ардагері Нұрмахат Үкітай Әуесханқызының дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасы мен ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Нұрмахат Үкітай Әуесханқызы 1951 жылы 28 қаңтарда Жамбыл облысы Отар стансасында туған. 1969 жылы Жамбыл облысы Қордай ауданындағы Абай орта мектебін бітірген. Осы жылы ауданның жолдамасымен Семей қаржы-экономикалық техникумының «Мемлекеттік бюджет» бөлімінде оқыған. Техникумды 1971 жылы бітіріп, Жалағаш аудандық қаржы бөлімінің кірістер бөліміне қызметке орналасты.

Осы орында 41 жыл жұмыс істеп, 2012 жылы аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінде бас маманы қызметінен зейнеткерлікке шықты. Ол жақылы еңбегімен құрметке бөленіп, аудан, облыс тарапынан көптеген марапатқа ие болды. Сонымен қатар облыстық қаржы басқармасының «Құрмет» кітабына есімі енгізілген.

Жалағаш ауданының экономика және қаржы бөлімі

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

# ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУ – ЕРТЕҢГЕ БАҒДАР

Мұнан кейін аудан әкімі Жанаталап ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті. Білім ошағында өткен жиында Ардақ Ибраимов аудан көлемінде атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы уақытта да елді мекендердің өзекті мәселелерін кезең-кезеңімен шешуге бағытталған жобалар жүзеге асатынын айтты.

## ЖАНАТАЛАПТА ЖАРҚЫН ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСУДА

140-қа жуық отбасы қоныстанған Жанаталап ауылында кәсіпкерлік қарқынды дамып келеді. Мемлекеттік қайтарымсыз гранттардың тиімді пайдаланылуы нәтижесінде ауыл тұрғындары мал және құс шаруашылығын дамытып, кондитерлік өнім өндіруді қолға алған. Бұл бастамалар жаңа жұмыс орындарының ашылуына және ауыл экономикасының нығаюына оң ықпал етуде.

Қазіргі таңда ауылда 9 шаруашылық пен 43 кәсіпкерлік субъектісі тұрақты жұмыс істейді. Сонымен қатар «Қызылорда – Жалағаш» бағыты бойынша екі жолаушылар тасымал қызметі, бір жеке балабақша және үш сауда дүкені халыққа қызмет көрсетуде. Шаруашылықтар әлеуметтік жауапкершілікті назардан тыс қалдырмай, жыл сайын ауыл ардагерлері мен аз қамтылған отбасыларға өз өнімдерімен көмек көрсетіп келеді.

Жанаталаптағы көркейту-қоғалдандыру жұмыстары да жүйелі жүргізілуде. Елді мекенді аяқсумен қамтамасыз ету үшін қаналар қазылып, үш техникалық су ұңғымасы бұрғыланды.

Кездесуде тұрғындар ауылда интернет желісі жылдамдығының төмендігін назарға салды. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, әр отбасы Wi-Fi желісін орнатып, ай сайын 5300 теңге төлейді. Алайда интернеттің жылдамдығы тұрғындарды қанағаттандырмайды.

Ауыл әкімінің айтуынша, мұнда ешқандай ұялы байланыс станциялары орнатылмаған. Көршілес Мәдениет және Мақпалқол ауылы арқылы Вееліне және Астив ұялы байланыс қызметін пайдаланып келеді. Алайда байланыс сапасының тұрақсыздығына байланысты желі бірде ұстап, бірде жоғалып кетеді. Соның салдарынан ауыл тұрғындары телефон арқылы еркін сөйлесе алмай, интернетті тұрақты пайдалану мүмкіндігін қамсыз отыр. Осыған байланысты аудан әкімі жауапты сала басшыларына мәселені шешу бағытында тиісті жұмыстар жүргізуді тапсырды.

Аудан әкімінің бұған дейінгі кездесулерінде көтерілген мәселелердің шешілуіне тұрақты назар аударылып отыратын ауыл тұрғындары көрсетілген қолдау үшін ризашылығын білдіріп, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

## КӘСІПКЕРЛІК ҚАНАТ ЖАЙҒАН

Мұнан кейін Мақпалқол ауылына аялдадық. Бүгінде ауылда 300-ден астам отбасы, 1800-ден астам тұрғын бар. Қайраткер есімі берілген елді мекенде берекелі тірлік пен жүйелі жұмыстар жалғасып келеді. Қазіргі таңда ауыл халқы мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көруде.

Ауыл тұрғындарының негізгі күнкорі көзі – егін және мал шаруашылығы. Бұған дейін Сыр салысынан мол өнім жинаған шаруашылықтар бүгінде бақша шаруашылығына да қатар дамытып келеді. Бірнеше тектар аумақты алып жатқан алма бақ өнімдері еліміздің әр өңірінде үлкен сұранысқа ие.

Қазіргі таңда ауылда 11 шаруа қожалығы мен 85 кәсіпкер жұмыс істейді. Тіркелген кәсіпкерлік субъектілерінің 99 пайызы белсенді қызмет атқаруда. Бұрын жергілікті халық егін және мал шаруашылығымен ғана айналысса, бүгінде кәсіптің түрі көбейген. Жалпы ауыл тұрғындары мемлекет ұсынған қолдау тетіктерін тиімді пайдаланып отыр. Кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған бағдарламаларға белсенді қатысып, жаңа бастамаларды жүзеге асыруда.

Бұған дейінгі есепті кездесуде тұрғындар ішкі көшелердің сапасы сын көтермейтінін аудан әкімі Ардақ Әбдіғәппарұлының назарына салған. Кешегі кездесуде де тұрғындар ең алдымен жол сапасын жақсартуды ұсынды. Осыған байланысты аудан әкімі жалпы құны 677,9 млн теңгені құрайтын жоба аясында ауылдағы Нұрұлдаев, Сәдір би, А.Қожақметұлы, Достық, Т.Жүргенов, Шотықов, Тоғанас батыр және Құттыбаев көшелеріне күрделі жөндеу жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, қаржыландыруға тиісті басқармаларға өтінім жолданғанын айтты. Сонымен қатар ауылдық



мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізу үшін 145 млн теңгеге қажетті құжаттар дайындалған.

## АУЫЛДАҒЫ АҒАЙЫН «КӨШЕЛЕР ЖАРЫҚТАНДЫРЫЛСА» ДЕЙДІ

Халықтың талап-тілегі мен ұсыныстарын тыңдау Мәдениет ауылында жалғасын тапты. Тұрғындар тарапынан жол сапасы мен көше жарығы мәселесі көтерілді. Мәдениет ауылдық округінде осыған байланысты бірқатар жұба әзірленген. Атап айтқанда, 102,5 млн теңгеге ішкі көшелерді жарықтандыру көзделіп отыр. Жоба аясында Ж.Жабаев, Д.Тобаев, А.Құнанбаев және З.Қаушаев көшелеріне жарықтамалар орнату жоспарланған. Сонымен қатар 201,9 млн теңгеге Жаңақоныс көшесін күрделі жөндеуден өткізу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, бюджеттік өтінімдер тиісті басқармаларға жолданған.

Ауыл тұрғындары соңғы жылдары кәсіпкерлікке бет бұрып, мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндігін тиімді пайдалануда. Соның нәтижесінде ауылда кәсіпкерлік саласы айтарлықтай дамып келеді. Бүгінде мұнда 134 кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, олардың басым бөлігі тұрақты жұмыс істеп тұр.

Бытыр 13 тұрғын өз жобаларын жүзеге асыру мақсатында қайтарымсыз қаржылай қолдауға құжат тапсырып, нәтижесінде барлық жоба мемлекет тарапынан қолдау тауып, қаржыландырылған. Қазіргі таңда бұл жобалар ауыл экономикасының дамуына үлес қосып отыр.

Ауыл жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мәдениет үйінде «Фин», «Би», «Көркемсур», «Колонер» және «Қуыршақ» үйірмелері жұмыс істейді. Оған бүгінде 60-қа жуық бала қатысады. Сонымен қатар №14 балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде 90 бала диод, бөке және казак күресімен тұрақты шұғылданады. Аталған спорт мектебінің түлектері арасында Азия біріншілігінің жүлдегерлері мен республикалық жарыстардың жеңімпаздары бар.

## ДЕМЕУШІЛЕР ҚОЛДАУЫ ҚАРҚЫНДЫ

Ауылда демешілердің қолдауымен екі жаңа саябақ ашылған. Бірі Оразай баба ұрпақтарының демешілігімен жүзеге асқан. Ж.Тайшиев көшесінің бойындағы саябақтың жалпы құны 2 млн теңгені құрайды. Бүгінде саябақ аумағын қоғалдандыру мақсатында әртүрлі ағаштар мен сәндік көшеттер отырғызылып, тұрғындардың демалуына қолайлы жағдай жасалған.

Сондай-ақ Қалдан батыр көшесінің бойында «Женіс» саябағының жанынан Кете Байсары баба ұрпақтарының демешілігімен 2 млн теңгеге жаңа саябақ пайдалануға берілген. Мұнда да ағаш және сәндік көшеттер отырғызылып, елді мекеннің

көркін арттыруға бағытталған абаттандыру жұмыстары жүргізілген. Бұдан бөлек ауыл кәсіпкерлері мен тұрғындардың демеушілігі және асар әдісі арқылы ауыл әкімдігі ғимаратының жанынан ауыл құтқарушыларына арналған өрт сөндіру бекетінің құрылысы жүргізілуде.

## ЖЕРГІЛІКТІ ЖҰРТ ЖАҢА ЕМХАНАНЫҢ ИГІЛІГІН КӨРҮДЕ

Түске дейін елді мекендерге жасаған жұмыс сапарымыз Мырзабай ахун ауылында қорытындыланды. Атқарылған жұмыстарды саралаған аудан әкімі алдағы міндеттерді де нақтылап, ауыл тұрғындарының пікірін тыңдады.

Жалпы соңғы жылдары ауылда бірқатар жарқын жұба жүзеге асқан. Бұған дейін сапасына қатысты сын айтылған емхана бүгінде жаңартылып, заманауи медициналық құрылғылармен жабдықталған. Соның нәтижесінде жергілікті тұрғындар сапалы медициналық қызметтің игілігін көруде.

Ауылдық округте 1 200-ге жуық халық тұрады. Қуантарлығы, соңғы жылдары тұрғындардың кәсіп ашуға деген ынтасы артып, мемлекеттік бағдарламалардың қолдауын тиімді пайдалануда. Нәтижесінде ауылда 74 кәсіпкер тіркеліп, бүгінде олардың 73-і тұрақты жұмыс істеп тұр.

Инфрақұрылым саласында да бірқатар ілгерілеу бар. Ауылдағы 5 ішкі көшенің 3-еуіне асфальт төселген. Қалған 2 көше, яғни Жаңақоныс пен Кенжебек Оспанов көшелеріне алдағы уақытта күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, асфальт төсеу жоспарланған. Сонымен қатар қаржыландыру мәселесі шешілген жағдайда ауылда жаңа мәдениет үйін салу көзделіп отыр. Бұл бағытта тиісті жоба әзірленген.

Мырзабай ахун ауылында «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында 1,6 млн теңгеге Колхоз көшесіне көше жарықтары орнатылып, 550 мың теңгеге ауылдың кіреберісі мен ішкі көшелеріне 4 бейнебақылау камерасы қойылған. Бұдан бөлек 134,7 млн теңгеге тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы жаңартылды.

Ауыл тұрғындарының демеушілігімен де бірқатар игі іс атқарылған. Мәдениет көшесі №34 үйдің жанындағы балалар ойын алаңы 1999 жылғы мектеп біткіруші түлектердің қолдауымен 1,5 млн теңгеге қоршалған. Сонымен қатар ауылды көркейту және қоғалдандыру жұмыстары да жүйелі жүргізілуде. Аяқсумен толық қамтамасыз етілген елді мекенде есік алдына көкөніс пен бақша етуге қолайлы жағдай жасалған. К.Оспанов көшесінің бойында 250 метрге, Мәдениет көшесінде 400 метрге, А.Байтұрсынұлы көшесінің бойында 350 метрге ағаш көшеттері отырғызылып, оларды күтіп-баптау жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Кездесуде аудан әкімі тұрғындармен еркін пікір алмасып, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарды атап өтті. Ауыл тұрғындары облыс пен аудан көлемінде жүзеге асырылып жатқан бастамаларға оң бағасын берді.

## 16 КӨШЕ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТІ

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың есепті кездесуі Қаракеткен ауылдық округінде жалғасты. Аудан басшысы халықпен амандық-саулық сұрасып, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарды қысқаша баяндап, жергілікті жұрттың ұсыныс-пікірін тыңдады.

Бүгінде дейін Қаракеткен ауылдық округінде бірқатар маңызды мәселе өз шешімін тапқан. Атап айтқанда, қос елді мекенді қамтитын округте ауысу жүйесі жаңартылып, бүгінде тұрғындардың игілігіне берілген. Мыңнан астам халқы бар ауылдық округте егін шаруашылығы кең дамымағанымен, тұрғындар мал шаруашылығын негізгі табыс көзі ретінде пайдаланып отыр. Соның нәтижесінде ауыл халқы кәсіпкерлікке бейімделіп, табысын арттыруға мүмкіндік алған.

Жалпы ауылдық округте 301 отбасы, 1360 адам тұрады. Оның 995-і Қаракеткен ауылында, 365-і Даллабай елді мекенінде қоныстанған. Бүгінде ауылдық округ бойынша 115 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Сонымен қатар 4 тұрғын мал шаруашылығы бағытында мемлекеттен жалпы құны 6,3 млн теңгені құрайтын «Ұлттық жоба» аясында қайтарымсыз грант иеленген.

Инфрақұрылым саласында да бірқатар жұмыстар атқарылуда. Қаракеткен және Даллабай елді мекендеріндегі 8 ішкі көшеге жарықтамалар орнату үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, 74 млн теңгеге бюджеттік өтінім тиісті басқармаға жолданған. Сондай-ақ қос елді мекеннің 16 көшесіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Әлеуметтік нысандар бойынша да ілгерілеу бар. Ауылда 338 млн теңгеге жаңа дәрігерлік амбулатория салынып, пайдалануға берілген. Бұдан бөлек 150 орындық ауылдық клуб құрылысына 639,1 млн теңгеге, сондай-ақ елді мекенге кіреберіс автомобиль жолын жарықтандыруға 94,1 млн теңгеге жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, қаржыландыру үшін тиісті басқармаларға бюджеттік өтінім жолданған.

Тұрғындар аудан әкімімен кездесуде айтарлықтай мәселе көтермеді. Тек көкелерінде «көгілдір отын қашан тұтынамыз?» деген сауал ғана болды. Бұл сұраққа аудан әкімі газдандыру жұмыстары жоспарға сай кезең-кезеңімен жүргізіліп жатқанын, жергілікті тұрғындарға «көгілдір отынның» игілігін көретін күн алыс емес екенін жеткізді.



## БІРАІГІ БЕКЕМ АУЫЛ

Есепті кездесу бұдан әрі Мәдениет Шәменов ауылында жалғасты. Аудан басшысы бастаған топ ауыл халқымен кездесіп, тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында М.Шәменов ауылының кіреберіс жолы мен Бұқарбай батыр көшесіне бейнебақылау камералары орнатылған. Сонымен қатар «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде М.Шәменов ауылының Жамбыл және Б.Ердузиева көшелеріне жалпы құны 69 млн 34 мың теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, толық аяқталды.

Бұдан бөлек елді мекендегі тұрғын үйлер секторын инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және қолданыстағы желілерді жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасуда. Келелі кездесуде ауыл тұрғындары жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізу мақсатында ауылдағы спорт алаңын қайта жаңғыртуды ұсынды. Сондай-ақ жергілікті жұрт ауылда шибөрінің көптігін айтып, қанғыбас иттер мәселесін де көтерді. Олардың айтуынша, таңертең көше бойы қанғыбас иттерге толып кетеді. Бұл жағдай балабақша мен мектеп жасындағы

балалардың қауіпсіздігіне алаңдаушылық тудырып отыр. Бұл ретте аудан әкімі тиісті сала басшыларына тапсырма беріп, елдің мәселесін ескеруісін қалдырмайтынын жеткізді.

Кездесу соңында аудан басшысы жазғы демалыс кезінде балаларды қараусыз қалдырмауды, су айдындарына жібермеуді және молд снықты жеңіл көліктерді сатып алмауды ескерті. Ертен мәселе күрделенбеуі үшін тұрғындарды бұған жауапкершілікпен қарауға шақырды.

## КЕНТЕ 45 КӨШЕ ЖАРЫҚТАНДЫРЫЛҒАН

Ардақ Ибраимовтың тұрғындармен кездесуі аудан орталығында қорытындыланды. Атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар кеңінен талқыланып келелі кездесуде 2026 жылға жоспарланған жаңа жобалар нақтыланып, тұрғындар тарапынан көтерілген өзекті мәселелердің шешу жолдары қарастырылды.

Аудан әкімі Президент Жарлығы негізінде жылғына екі рет өтетін есепті кездесулердің маңыздылығына тоқталып, соңғы күндері ауданға қарасты барлық ауылдық округте тұрғындармен жүздесіп, олардың ұсыныс-пікірлері тыңдалғанын атап өтті.

– Соңғы екі күн ішінде барлық ауылдық округті аралап, тұрғындармен кездестік. Бүгінгі кездесу Жалағаш кентінде жалғасуда. Ауданымыз бытыр инвестиция тарту бағытында өңір бойынша «Үздік аудан» атанып, жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Аймақ басшысының қолдауының арқасында инфрақұрылымдық жобалар қарқынды жүзеге асуда. Кентте инфрақұрылымды дамыту бағытында бірқатар ауқымды жұмыс атқарылды. Қазіргі таңда Жалағаш кентіндегі 45 көше жарықтандырылған. Бытыр М.Шәменов, І.Қабылов, С.Қалыбаев көшелерінде демеушілер есебінен түнгі жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар Ұлы Жеңістің 50 жылдығы, Н.Мырзаалиев, Н.Өлмеғамбетов және А.Иманов көшелеріндегі жарықтамалар жаңартылып, энергия үнемдейтін LED шамдарға ауыстырылған, – деді аудан әкімі.

Айта кетейік, жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын дамыту мақсатында Дәуімбаев елді мекеніндегі Ұлы Жеңістің 50 жылдығы көшесіне тротуар салу жұмысы әзірленіп, қаржыландыруға ұсынылды. Сондай-ақ 12 көшені жарықтандыруға арналған жобалық-сметалық құжаттама дайындалып, қаржы бөлу кезіне күтілуде. Кентте көркейту және абаттандыру жұмыстары да жүйелі жүргізілуде. Тозығы жеткен электр желілерін жаңарту бағытында ірі жобалар қолға алынған. Бүгінде аудан халқы 100

пайыз орталықтандырылған ауызсумен қамтамасыз етілген. Орталық алаңды жаңарту мақсатында құны 315,2 млн теңге болатын жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, қаржыландыру сатысында тұр. Сонымен қатар алаңдағы су бұрқак қалпына келтірілген. Сондай-ақ кентішілік 14 көшені күрделі жөндеу жұмыстары толық аяқталған. Мектеп алаңында спорттық ойын алаңдары салынып, балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасалған.

«Ақсерек» тұрғын ауданында жер учаскелерін инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар кентте электр бағаналары мен желілерді жаңарту жобасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Биыл апатты деп танылған көпқабатты тұрғын үйлердің орнына жаңа банасаналар салу жоспарланып отыр. Сондай-ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдейтін полигон мен арнайы цех ашу жобасы да биыл іске қосылады деп күтілуде.

Кенттің көркеюі мен тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында қоғалдандыру және абаттандыру жұмыстары тұрақты түрде жалғасуда. Кездесу соңында тұрғындар атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, алдағы жоспарлардың жүзеге асуына сәттілік тіледі.

Сезім НҮР



Меншік иесі: **СЫР МЕДИА** жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор **Марат АРАЛБАЕВ**  
Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы  
Бас редактор **Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36, Бас редактор - 32-0-41, Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат қорымен 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. «Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01.178 нөмірімен сертификатталған. Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакциясы компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа йі» ЖШС сәнімкерлік бас аруында «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газетті таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8(7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2983 Тапсырыс №1101